

# ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ



Handwritten signature or name.

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті | Газет 1937 жылдан бастап шығады | Бейсенбі, 22 қаңтар 2015 жыл №03 (10 519)



## ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАН

**Жәнібек хан, әз-Жәнібек** – Қазақ хандығының негізін қалаушы Ұлы екі тарихи тұлғаның бірі, екінші қазақ ханы. Орыс ханның шөбересі, Барақ ханның ұлы.

XV ғасырда, үшінші атадан қосылатын ағасы Керей ханмен тұспа-тұс өмір сүрген. Керей хан қайтыс болғаннан кейін Жәнібек хан Қазақ Ордасында билік құрған. Қазақ Ордасының іргеленіп біржола қалыптасуы Жәнібек ханның тұсында болды.

XV ғасырдың орта шенінде ежелден Жетісу өңірін мекендеген түркі тайпалары бір этникалық топқа біріге келе, қазақ халқын құрады. Жәнібек хан мен Керей хан Жетісу өңірі, Шу мен Талас өзендерінің бойын мекендеген қазақтардың басын қосуда көп еңбек сіңірді. Бұл мақсатпен олар өзара қырқысуларды басып, ірі феодалдарды манайына топтастырды.

Жәнібек ханды халық Әз Жәнібек деп атаған.

## Шет ауданының әкімі Р.Әбдікеровтің 2014 жылғы жұмысы туралы аудан тұрғындары алдындағы есебі



### Құрметті халайық! Қадірменді әріптестер!

Сан алуан оқиғалар мен маңызды іс-шараларға толы болған 2014 жыл да тарих қойнауына енді. Оның қорытындыларын шығарып, қол жеткен жетістіктерімізді зерделейтін, олықылықтарымызды ойласатын сәт туды деп есептеймін.

Президенттің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауын басшылыққа алған аудан халқы есеп беріліп отырған жылы экономиканың барлық саласын дамытуда, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуде келелі табыстарға қол жеткізді.

Мұның өзі мемлекет басшысының биылға арналған «Нұрлы

жол – болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық саясат бағдарламасында қойылған міндеттерді орындауға берік негіз қалап отыр.

Біздер бүгін бұрынғы жолдаулар аясында ауданда істелген жұмыстарды баяндай отырып, 2015 жылы алдымызда тұрған міндеттерге де тоқтала кетпекпіз.

2014 жыл жалпы алғанда аудан үшін сәтті, табысты жыл болды.

Аудан экономикасының нақты секторындағы кәсіпорындар 28 млрд. 275 млн. теңгенің өнімін өндіріп, 2013 жылғы деңгейден 20 пайызға асып түсті. Ал айғақтық көлем индексі 104 пайызды құрады.

Жыл өткен сайын ілгерілеп келе жатқан тау-кен өнеркәсібі

барлық көлемнің 77 пайызын беріп отыр. Осы салада қала құраушы мәртебесіне ие «Нова-Цинк» серіктестігінің бір жылда өндірген өнім көлемін 7 млрд. 700 млн. теңгеден 10 млрд. 432 млн. теңгеге жеткізуі ерекше жетістік болды.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында құрылған «Бапы Майнинг» серіктестігі темір қоспасын алдыңғы жылға қарағанда 100 мың тонна артық өндіріп. Өнімнің ақшалай көлемі де артып, 10 млрд. теңгеден асты. Бұл оң нарықтық конъюнктура қалыптасса табыс еселеп артатынын, ал кәсіпорынның жобалық қуатына еркін жете алатынын көрсетеді.

Тағы да бір тау-кен кәсіпорны «Металлтерминалсервис» серіктестігі өндіріс көлемін 18 пайызға өсіріп, 706 млн. теңгенің өнімін берді.

Теміржол саласының аудан экономикасындағы үлесі жыл өткен сайын қомақтала түсуде.

Өңдеуші кәсіпорнына жататын Ақадырдағы «Ырыс - 2004» серіктестігі 2014 жылы 692 млн. теңгенің қызметін көрсетті. Қазақ теміржолының құрылымдары 2014 жылы тұтастай алғанда 2 млрд. 757 млн. теңгенің өнімін өндіріп, көлемін 58 пайызға арттырды.

Аудан өнеркәсібінде өндірілген өнімнің 13,6 пайызы электр қуатын және су тасымалдау кәсіпорындарының үлесіне тиеді.

**Жалғасы 2-3-4-5-6-шы беттерде.**

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА УАҒДАЛАСТЫ

15 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Н.Әбдіқалықова БҰҰ Даму Бағдарламасының Қазақстандағы Тұрақты өкілі Стивенн Тулмен кездесті.

Кездесуге БҰҰ Даму Бағдарламасының Қазақстандағы Тұрақты өкілінің орынбасары Мунхтуя Алтенгерел, Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрайымының орынбасарлары - ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.И.Тарасенко және Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Л.Ж.Сүлеймен қатысты.

Г.Әбдіқалықова тараптар арасында қол жеткізілген өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ БҰҰ Даму Бағдарламасының Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыру үдерісіне қосқан елеулі үлесін атап өтті.

Кездесуге қатысушылар Мемлекет басшысы белгілеген «Қазақстан-2050» Стратегиясы және «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жаңа Экономикалық Саясаты міндеттерін орындау аясында еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық дамуының кең ауқымды мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың перспективаларын талқылады.

Мемлекеттік хатшы Инфрақұрылымдық даму жоспарының шеңберінде Қазақстанның әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі өзара тығыз іс-қимылдың, оның ішінде барлық инфрақұрылымдық жобаларға әйелдерді белсенді тартудың айрықша маңыздылығын атап көрсетті.

Тараптар алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықты ескертуге, сондай-ақ қоғамның рухани-адамгершілік дамуына бағытталған алдын алу шаралары бойынша ынтымақтастықты нығайтуға уағдаласты.



## ЭТНОАУЫЛ САЛЫНБАҚШЫ

Енді көп ұзамай-ақ, Астанамен іргелес жатқан аймақта ұлттық салт-дәстүріміз бен құнды мәдени мұрамыздан сыр шертетін этноауыл салынады.

Құрылыс жұмыстары наурыз айында басталып, бірегей нысан «EXPO-2017» көрмесі қарсаңында ашылмақ. 30 гектарға созылған алқапта таза ағаштан бөйтерек, дулыға, сәукеле пішіндес үйлер тұрғызылады. Онда келген қонақтар үшін экскурсия жасалып, 2 күн ішінде Қазақстан туралы кеңінен мәлімет беріле-лік. Сонымен қатар туристер ұлттық тағам мен сусын дайындаудың әдісін үйрене алады. Аңшылық пен саятшылық құру тәсілі де таныстырылмақ. Кешен іске қосылған кезде 100-ден астам адам жұмыспен қамтылады.

2012 жылы Елбасы Астана қаласы мен қапталдас жатқан елді мекендерде этноауыл салуды ұсынды. Біз жоба жасап, қаржылай қолдайтын инвесторлар таптық. Жобаның бірінші кезеңіне 30 млн. доллар кетеді. EXPO көрмесі ашылғанға дейін жасап бітеміз. Сонан соң жобаны одан әрі жалғастыру жоспарда бар, - дейді құрылыс компаниясының директоры Юрий Никитенко.

### Құрмет

Шежірелі Шет өңірінің қадірменді ақсакалы Шәукей Жұқанұлы бүгінде ғасыр жасап, бақы-

дегі елдің жағдайын, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру, индустриаландыру, қайта құру, Кеңес Одағының тарауы, Қазақстанның тәуелсіз

найы келіп, Қазақстан Республикасының вице-премьері Б.Сапарбаевтың құттықтауын оқып беріп, дәстүрімізге сай ақсақал-

аудандық соғыс және еңбек ардагерлері Кеңесінің төрағасы К.Сейілбеков, аудандық әйелдер істері және отбасылық демо-гра-

## ҚАРТТАР ҒҰМЫРЫН ҚҰРМЕТ ҰЗАРТАДЫ

ға жағалы шапан жапты. Сонымен бірге қарияға облыстық білім департаментінің басшысы А.Аймағамбетов те облыс әкімі Н.Әбдібековтің құттықтау хатын тапсырды. Кеудесі тұнған шежіре, көрген-білгені, өмірден түйгені көп қарияға шынайы тілегін жеткізген сала басшыларына ақ батасын берген қарт халқына бейбітшілік, амандық тіледі.

Мерейтой иесін құттықтаушылар да көп болды. Аудан әкімінің орынбасары А.Әбділин, аудандық Мәслихаттың хатшысы Ә.Смағұлұлы, «Нұр Отан» партиясы Шет аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Б.Илиясов,

фиялық саясат жөніндегі комиссия төрайымы Р.Төлегеновалар аудан әкімінің құттықтауын жеткізе, Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімі Жанат Сағадиев те қарияға шапан жауып, өзінің құттықтау хатын табыс етті.

Дана халқымыз «Төрінен қарт кетпесін» деген. Жасы үлкенге құрмет ету, біздің ата-дәстүріміз. Қарттар ғұмырын құрмет ұзартады.

Біз де абыз ақсақалға ғасыр тойыңыз құтты болсын деген тілегімізді айттық.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**



тқа кенеліп отырған жан. 100 жас, бұл әрине елді елең еткізерлік оқиға. Осы ғұмырында ескіні де жаңаны да, жақсы мен жаманды да, қиындықты да көрген.

Адамзат тарихындағы ХХ ғасырдың елеулі оқиғаларының тірі шежіресі, куәгері. Ұжымдас-тыру, қолдан жасалған ашаршы-лық, қуғын-сүргін, репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс кезін-

мемлекет болуы сияқты тарихи дәуірлерді көзбен көріп, социализмнен бұрын өмірге келіп, осы дәуірде ғұмыр кешіп, нарықтық қоғамға қайта оралып, осы екі қоғамдық дәуірді басынан өткеріп отырған абыз ақсақал.

Жақында 100 жасқа толған абыз ақсақалды құттықтау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Е.Иманғалиев ауданымызға ар-





## ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Ұлт көшбасшысы, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жастарға, ерекше сенім артып, жастардың жағдайын жасауға баса назар аударуда. Елбасы өз Жолдауында:

«Тұрақтылық пен келісім дегеніміз не? Ол отбасылық әл-ауқат, қауіпсіздік, баспана. Бейбітшілік – өке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Бейбітшілік – тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық – күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік. Мен жастар – біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!» деп атап көрсеткен болатын.

Ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауының басым бағыттары жастармен тікелей байланысты болуы, кез-келген мемлекеттік маңызы бар стратегияларда әркез өскелең ұрпақты тілге тиек етуі – соның айқын дәлелі екенін білдіреді.

Бізге тұрғын үй мәселесі ешуақытта да күн тәртібінен түскен емес. Бұл мәселе еліміздің Тәуелсіздік алуымен байланысты мақсатты түрде шешіле бастады. Соңғы жылдары біраз адамдар баспаналы болды. Осы табыстарды баянды етумен бірге, одан әрі серпін берудің жолдары Елбасының биылғы Жолдауында нақты көрсетілген. Онда жалға берілетін үйлерді жеңілдікпен, тіпті алғашқы жарна төлемдерін төлетпей, несие, 1-2 пайызға төмендету ұсынылып отыр. Бұл, әсіресе, жас отбасыларға өте тиімді деп ойлаймын.

Сонымен қатар, алдағы жылы еліміз үшін аса маңызды оқиғалар – қазақ мемлекеттігінің 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен еліміздің Конституциясының 20 жылдығы, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы атап өтіледі. Мерекелерді атап өту қазақстандық патриотизмнің, ел бірлігінің нығая түсуінің маңызды факторы болмақ. Бұл туралы Елбасы өз Жолдауында баса айтқан. Барша-мыз да ел бірлігі үшін, ертеңіміз үшін Президентіміз белгілеп отырған межеге жетуге атсалысуымыз қажет.

Мақпал  
АХМЕТЖАНОВА,  
бастауыш сынып  
мұғалімі.  
М.Горький мектеп-  
гимназиясы.

## ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ Р.ӘБДІКЕРОВТІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

45 млн. теңгенің қызметі көрсетіліп, өсім 424 млн. теңгені құраған.

Бұлардың ішінде бүкіл көлемнің 2/3-ін беріп тұрған «Ақадыр электржабықтау дистанциясын» атап өту керек.

Нақты сектор саласында 2014 жылдың өнім өндіру межесін 25 млрд. теңгеге жеткізу көзделген болатын, көріп отырсыздар бұл жоспар 3 млрд. 300 млн. теңгеге артығымен орындалды.

Алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына жана серпін беретін көптеген маңызды жобалар бар. Солардың тізімінде жалпы инвестициялық құны 104 млрд. теңгеге жуықтайтын «Көктіңкөлі Молибден» кен орнында металлургиялық фабрикасы бар кен-байыту комбинатының құрылысы бірінші түр. Бүкіл технологиялық желісінің сұлбасы дайын осы жобаны іске асыру мақсатында «Дала Майнинг» серіктестігі сенімді инвестор іздестіруде. Жоба іске аса қалған жағдайда тек комбинатта ғана 500 адам жұмыс істейтін болады. Ал, бұл тұтастай кеншілер қалашығы өмірге келеді деген сөз.

«Алайғыр кен орнында полиметалл кенін өндіру» жобасы бойынша жұмыстарды «Алайғыр біріккен кәсіпорыны» жүргізбек. Келешекте күміс пен қорғасын өндірісін өмірге әкелетін бұл ірі жоба жақын жылдары іске аспақшы.



Сарыарканың төскейі мен қойнауы пайдалы қазбаларға аса бай. Солардың ішінде алдағы уақыттарда қолға алынуы көзделіп отырған Жоғарғы Қайрақты марганец, Жамбыл вольфрам, Ұзынжал полиметалл, Жосабай алтын кен орындары бар.

Сонымен қатар, бүгінгі күнде «Сары-арқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамында аудан жері аумағында ашылған 8 кен орындарының тізбесі тұр. Бұған «Сұлу Мәдениен» табылған марганец, «Алмалыдан» - жез, «Киікбай-Сайдалыдағы» алтын кен орындары енгізілген.

Бұлардың барлығының инвестициялық жобалар екенін ескерсек, болашақта ауданымыз одан әрі гүлденіп, дами түсері сөзсіз.

Өткен жылы аудан көлеміндегі меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдар негізгі қорға 7 млрд. 650 млн. теңге инвестиция құйды. Бұл көрсеткіш оның алдындағы жылдан төмен болғанымен берілген тапсырма орындалды. Негізгі капиталға инвестиция тарту дегеніміз

даму мен өркендеудің бірден-бір кепілі болғандықтан алдағы уақыттарда нақты сектор бойынша жоғарыда айтылған жобаларды іске асыруға, сондай-ақ құрылысқа, ауылшаруашылық саласына, байланыс, тоқ жүйесінде жасалатын жұмыстарға, инфрақұрылымды дамытуға құйылатын қаржыларды көбейтуге күш салуымыз қажет. Ауыл, кент әкімдері өздері басқарып отырған округтерінде ағымдағы жылы жоспарланған инвестициялық жобалардың іске асуы-

на ықпал жасап, қадағалауға міндетті.

2014 жылы шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы өндірілген өнім көлемі 9 млрд. 350 млн. теңгеге дейін өсті. Қазір өз ісімен айналысушылар саны 4250 адамға жетті. 2015 жылдың бірінші қаңтарына аудан бойынша есепте тұрған 2030 шағын және орта бизнес құрылымдарының қатарында 2014 жылы ашылған Ақжал және Мойынты кенттеріндегі тойханалар, Дәриядағы шаштараз, Киіктідегі фотосалон, Бұрмадағы қымызхана, С.Сейфуллин кентіндегі автокөлік шеберханасы мен Ақсу-Аюлыдағы шағын наубайханалар бар.

Есепті жылы ауылдық жерлерде 354 млн. теңгені құрайтын 48 шағын инвестициялық жобалар іске асқан. Жергілікті кәсіпкерлер өз істерін ашуға және кеңейтуге әр түрлі несиелік қорлардан барлығы 504 млн. теңге несие алған. Бұл көрсеткіш алдындағы жылдағыдан екі есеге артық.

### Құрметті әріптестер!

Елбасымыз өзінің барлық Жолдауларында шағын және орта бизнесі дамытуға баса назар аударады. Расында экономикасы орнықты, халқы бақатты тұратын дамыған елдерде шағын және орта бизнес ішкі жалпы өнімнің 50 пайызына дейін береді. Қазақстанда бұл көрсеткіш 20 пайыздың, ал бізде 22-23 пайыздың маңында.

Кәсіпкерлікті дамыту үшін Үкімет тарапынан «Бизнесің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020» сияқты арнайы бағдарламалар қабылданған, оларды іске асырудың қаржылай тетіктері бекітілген және жеңілдіктер қарастырылған. Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында 2006 жылдан бері тексеріс жасауға мораторий қойылды, бизнесмен боламын дегендерді семинар-тренингтер арқылы тегін оқыту жұмыстары ұйымдастырылды.

Осындай жеңілдіктерге қарамай бізде кәсіпкерлік әлі де болса баяу өсуде. Көп ауылдарда сауда нүктелері, қонақ үй, дәмханалар жоқ. Мұның өзі жұмыссыздықтың туындауына, адамдардың елде тұрақтамауына әкеліп соғуда.

Аудан бойынша бірінші кезекте тұтынатын азық-түлік өнімдері мен жаппай сұранысқа ие тауарлар бағасын тұрақтандыру мақсатында тиісті шаралар қабылданып атқарылуда. Бұл бағытта аудан



әкімінің өкімімен құрылған арнайы штаб пен кент, ауыл округтеріндегі жұмыс топтары тиісті жұмыстар жүргізуде.

Ауданда тіркелген 349 дүкеннің 189-ы азық-түлік сағатады. Сырттан әкелінетін дайын азық-түлік тауарларына қойылатын үстеме бағаның мөлшерін 10 пайыздан асырмау туралы 156 дүкен иелерімен Меморандумға қол қойылды.

Аудан экономикасының ауылшаруашылығы саласында өндірілген өнімнің жалпы құны 17 млрд. 300 млн. теңгені құрап, 2013 жылмен

салыстырғанда 3,4 пайызға артты, нақты көлем индексі 104,1 пайыз болды. Барлық шартты түрдегі мал бастары 117,4 мыңға жетіп, 2013 жылмен салыстырғанда 7,5 пайызға өсті. Есепті мерзімде ауданда 17 мың тонна ет, 62 мың тонна сүт, 8 млн дана жұмыртқа өндірілген. С.Сейфуллин кентіндегі Қарағанды «Нәтиже-сүт» комбинатының зауыты 27 елді мекеннен 4832 тонна сүт жинап, өнім өткізуге 250 млн.теңге төлеген. Алдындағы жылмен салыстырғанда алынған сүт 132 тоннаға, оған төленген ақша 16 млн. теңгеге өскен.

Сүттік бағыттағы ірі қара мал шаруашылығын дамыту мақсатында Өспен мен Бұрма ауылының тұрғындарына ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры акционерлік қоғамы арқылы тағыда 40 бас асыл тұқымды симменталь сиыры Павлодар облысынан сатып әперілді.

Өткен жылы «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» мақсатында «Жандос», «Жолғұтты» және «Қараш» шаруа қожалықтары барлығы 390 бас симменталь тұқымын Ресейден 72 млн. теңгеге, жеңілдетілген несиеге сатып алды. Өспен ауылдық округіндегі 3 қожалық Ақмола облысынан 60 бас асыл тұқымды герфорд малын сатып әкеледі.

2014 жылы мал бастарын асылдандыру мен өсіру бағытында ауданның шаруа қожалықтары түрлі қаржылық қорлар мен бюджеттік бағдарламалар бойынша 116 жобамен 486 млн. теңге несие алып, оған 832 бас ірі қара, 30 бас бұқа, 2,5 мың бас қой, 700 жылқы алды.

Бұдан бөлек тауар өндірушілер 69 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған.

Қожалықтар несиеге алған қаражаттарымен негізгі капиталдарына инвестиция құйып жатыр. Аудандық статистика басқармасының мәліметі бойынша саланы дамытуға бағытталған сома 67 млн. теңгеге жеткен.

Бүгінде ауданда асыл тұқымды мәртебесі бар 20 шаруа қожалығы бар. Өткен жылдың басында олардың саны 17 болатын. Асыл тұқымды түліктер 14 ірі қара мал, 3 жылқы, және 3 қой шаруашылығында шоғырланған, жалпы саны 9 мың басқа жуық.

Біздерге быыл және алдағы жылдарда да малды асылдандыру ісін жалғастыра беру міндеті тұр. Фермерлеріміз бұл күнде асыл тұқымды жануарлардан өсірген малдарын саудалап сатуға кірісті. Қолдағы жергілікті мал тұқымын жақсарту мақсатында қолдан ұрықтандыру жұмысын да өрістетуге аса қажет.

2014 жылы қолдан ұрықтандыру 12 елді мекендердегі пунктерде жасалып, 1400 сиыр ұрықтандырылған. Бұл бүкіл аналық сиырдың 3-ақ пайызы. Тапсырма 3 мың сиырды ұрықтандыру болатын.

Мал бордақылайтын алаң 7 шаруа қожалығында бар, оларда бүгінде малдар семіртуде тұр. Тағы да 4 қожалық осындай алаңдар салуды көздеп отыр. Мал сою алаңын «Ақжал» (Көктіңкөлі) шаруа қожалығы салып, 3 адамға жұмыс тауып берді.

Есеп беріліп отырған жылы «Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша жалпы құны 400 млн. теңгені құрайтын 4 жоба аймақтың үйлестіру кеңесінің қарауына ұсынылды. Олардың біреуі қоян өсірумен (Шет а/о «Барғана» ш/к), екеуі асыл тұқымды мал өсірумен (Нұра-талды а/о «Бұрабай» ш/к, Ақсу-Аюлы а/о «Харекет»), ал соңғысы мал сою алаңы мен консерва өнімін шығарумен (К.Мынбаев а/о ЖК Тілегенов Т.) шұғылданбақ.

Жалғасы 4-5-6-шы беттерде.



## НҰРЛЫ ЖОЛДА БІРЛІГІМІЗДІ БЕКЕМДЕЙІК

Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ әлемдік өркениетке барар жолда құқықтық мемлекет құруды тандады. Мықты мемлекеттің құқықтық саясаты да мықты болуы керектігін Мемлекет басшысы әу баста білген. Сол себепті де 1997 жылы ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасын жасады. Содан бері Президент жыл сайын халыққа Жолдауын арнап, алдағы жылдары атқарылуы тиіс игі бастамаларға нұсқаулар беріп келеді. Соның нәтижесінде еліміз бірқатар экономикалық-саяси табыстарға қол жеткізуде.

Елбасы өткен жылдың қараша айында кезекті Жолдауын жариялады. Жолдау еліміздің таяудағы үшжылдықтағы экономикалық даму бағдарламасына негізделген. Экономиканың дамуы үшін сот жүйесі де елеулі үлес қосатыны белгілі. Республика азаматтарына ұлтына, дініне, тіліне, әлеуметтік және мүлкіктік жағдайларына, қызмет саласына, тұрғылықты мекенжайына қарамастан, тепе-теңдікті сақтай отырып, дамудың жаңа жолына қадам басу тапсырылды. Сол тұрақтылықты, теңдікті сақтау, әрине, мемлекет атынан шешім қабылдайтын сот жүйесіне берілетіндігі айдан анық.

Елбасы Жолдауында шағын және орта бизнес өкілдеріне қолайлы жағдай туғызуды басты назарға алған. Бұл бір жағынан, отандық өнімдердің көбеюіне толық мүмкіндік берсе, екінші жағынан, жұмыссыздықты жоюға да ықпалын тигізбек. Жолдауда міндеттелген меже өз дәрежесінде орындалса, алдағы жылдары өзге елдердің қызметіне, өніміне зәруліктен арыларымыз анық.

Сондай-ақ, Жолдауда ел азаматтарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз етудің жаңа бағдарламасы жасалған. Құжатта: «Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспананы салып, оны тұрғындарға сатып алу құқығын береді отырып, ұзақ мерзімге жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдалдарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді» деп, көрсетілген. Сондықтан да, 2015-2016 жылдар аралығында жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға мемлекет тарапынан қосымша 180 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлу қарастырылып отыр екен.

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты бұл Жолдауда Қазақстанның алдағы үш жыл ішінде әлемді жайлаған дағдарыс жағдайынан аман-есен шығу жолы қарастырылған. Осы орайда, Ұлттық қордан қомақты қаржы бөлініп, ол тиісті салаларға бағытталды. Қаражат жүрген жерде жемқорлық дерті қатар жүретіні белгілі. Осы орайда, Мемлекет басшысы аталған қаржылардың қатаң қадағаланатынын да ескертті.

Жолдауды іске асыру үшін сот органдарының алдында тәуелсіз, қуатты, мәртебелі, абыройлы сот билігін орнатудың жаңа мақсаттары мен міндеттері тұр. Яғни, соттар мен судьяларды одан әрі мамандандыру, сыбайлас жемқорлықты жою, этика мәселесі, халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру, соттардағы электронды құжат айналымында электронды инновациялық жүйені енгізу кезек күттірмес мәселелер болып табылады.

Д.БУРАБАЕВ,  
Шет аудандық сотының  
төрағасы.



өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйысты-

ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конститу-



Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясына - 20 жыл толады. Тарихи тұрғыдан қысқа болғанымен жетістігі мол 20 жыл Қазақстан халқы үшін ерекше.

Қазақстан халқы Ассамблеясы - 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің

## СЕНІМ МЕН КЕЛІСІМ ЖӘНЕ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ҮЛГІСІ

тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Он жеті жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі

рушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін

циямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Өз тілшімізден.

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

23 желтоқсан 2014 жыл

№27/232

Ақсу-Аюлы ауылы

**2015 жылы Шет ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешені мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешені мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2015 жылы Шет ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешені мамандарына өтініш берген сәтінә жеткізілмейтін еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы және маманмен мәлімделген, өтініш берген сәтінә, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын сомада тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,  
аудандық мәслихаттың  
хатшысы

Ә.СМАҒҰЛУЛЫ.

## РЕШЕНИЕ ШЕТСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

23 декабря 2014 год

№27/232

с.Ақсу-Аюлы

**О предоставлении мер социальной поддержки специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Шетского района в 2015 году**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», Постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2009 года №183 «Об утверждении размеров и Правил предоставления мер социальной поддержки специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты», районный маслихат

**РЕШИЛ:**

1. Предоставить специалистам здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Шетского района в 2015 году подъемное пособие в сумме, равной семидесятикратному месячному расчетному показателю на момент подачи заявления и социальную поддержку для приобретения или строительства жилья - бюджетный кредит в сумме заявленной специалистом, но не превышающей одну тысячу пятисоткратного размера месячного расчетного показателя на момент подачи заявления.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после его первого официального опубликования.

Председатель сессии,  
секретарь районного маслихата

А.СМАҒҰЛУЛЫ.

## Отандық өндірушілерді қолдау



Қазақстан халқына өз Жолдау-ларында Елбасымыз агроөнеркәсіп кешенін инновациялық жолға бағыттаудың маңыздылығын атап өткен болатын. Және «Болашақ - аграрлық саласында, негізінен, шағын және орта бизнес формасындағы

алушыны қамтиды.

Қор ауыл кәсіпкерлерін шағын несиелеу бойынша негізгі институт болып табылады. Өткен жылы ауылдық кәсіпкерлікті шағын несиелеу нарығында Қор өзінің келесі жеті бағдарламаны іске асырды, олар: «Кәсіпкер», «Моноқалаларды дамыту», «Жұмыспен қамту-2020», «Мұрабаха», «Бірыс», «Егінжай», «Жылыжай», «Сүт қабылдау пункті». Барлық қаржыландырылған жобалардың үштен бір бөлігін әйел кәсіпкерлер жүзеге асырды.

мастан қаржылық қызметтеріміз клиенттердің сұраныстарына, мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жыл сайын өзгеруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстанның ет және сүт өнімдерін шығару бойынша ірі аймақтық экспорттерге айналуы тиістігін бірнеше рет атап өткен болатын. Өз Жолдауында рентабельдігі төмен дақылдарды өңдеуден көкөніс, майлы дақылдар мен жем-шөп өңдеуге көшу қажеттілігін де айтады.

Елбасының осы тапсырмаларына сәйкес Қор 4 жаңа неси-

бағытталған «Бірыс» бағдарламасы өзірленіп, өз жұмысын бастады. Бұл бағдарламалар фермерлерге техника мен технологияларды жанартуға, сүтті асыл тұқымды мал сатып алуға, сүт қабылдау бекеттерін ашуға мүмкіндік береді. Жобаларды жүзеге асыру жеке шаруашылықтардан сүтті жинап, сүт өңдеушілердің қуаттылығын арттырып, инновациялық технологияларды пайдаланатын сүтті-тауарлы фермаларды құруға, олардың тиімділігі мен сүттің сапасын көтеруге, елімізге сүт өнімдерінің импорттың азайтуға

лерді субсидиялау, фермерлердің инвестициялық шығындарын субсидиялау қарастырылған. Осыған дейін агроөнеркәсіп кешені мұндай қолдау алмаған болатын.

Ағымдағы жылы жаңа бағдарламаларды есептегенде, Қор тарапынан фермерлер мен ауылдық кәсіпкерлікті қолдауға 1,5 миллиард теңгеге жуық ұзақ мерзімді несиелер бөлінеді деп күтілуде. Оның ішінде «Бірыс» бағдарламасы бойынша 6 отбасылық сүтті-тауарлы фермаларды құру, 1 сүт қабылдау пунктін ашу жоспарланған. Мысалы, «Бірыс» бағдарламасы бойынша 100 бас асыл тұқымды аналық ірі қара малдың әр басын 350 мың теңгеге, жалпы сомасы 35 млн. теңгеге алатын болсаңыз, Үкімет оның әр басына 154 мың теңге жалпы сомасы 15,4 млн. теңге болатын субсидия береді және сатып алынған техникалар мен жабдықтарға (сауын аппараттары, трактор және т.б.) берілетін 23,8 млн. теңгенің 50 пайызын мемлекет тағы субсидия ретінде қайтарып береді. Одан бөлек 11 пайыз несиенің 7 пайызын мемлекет субсидия ретінде төлеп отырады.

Әр уақытта Қор өз қызметін ауылда кәсіпкерлікті дамытып, еліміздің агроөнеркәсіп кешенін тұрақты және тиімді етуге дайын.

**Б.ТОРҒАЕВ,**  
«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қарағанды филиалы директоры.

## ҚОР ӨЗ ҚЫЗМЕТІМЕН АУЫЛДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫП, ОНЫ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫН

жаңа өңдеу кәсіпорындарды құруында» деп айқын көрсеткен болатын.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қарағанды филиалы ауылды жерлердегі кәсіпкерлікті дамыту бойынша мемлекеттік институты болып табылады және Елбасымыз алға қойған мақсаттарды жүзеге асыруға өз қызметін бағыттайды.

2005 жылдан бастап біздің ұйым шағын несиелеу арқылы ауыл тұрғындарының қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыру бойынша қызмет атқарып келеді.

Жалпы, 2005 жылдан 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін Қор тарапынан 4,6 млрд. теңгеге 4357 несие берілді. Оның ішінде 2014 жылы - 1,5 млрд. теңгеге 555 несие берілді.

2005 жылдан бастап Қор арқылы берілген несиелердің арқасында жұмыспен 4 мыңнан астам адам қамтылды, оның ішінде 2014 жылы - 500-ден аса адам.

Бүгінгі таңда Қордың несие қоржыны 3,1 млрд. теңгені құрап, 1473 белсенді қарыз

Қордың өнімдік желісі ауыл кәсіпкерлерінің барлық қызмет түрлеріне арналған - мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, өнімді өңдеу. Бұған қара-

елік өнімді енгізді.

Сүт сапасын дамыту мақсатында отбасылық сүтті-тауарлы фермаларды құру және сүт қабылдайтын бекеттерді ашуға



бағытталады. Былтырғы жылы біз 2 отбасылық сүтті-тауарлы ферма мен 3 сүт қабылдайтын бекетті іске қостық. Мәселен: «Бірыс» бағдарламасы бойынша Абай ауданына «Байқожа» фермерлік қожалығы 100 бас асыл тұқымды аналық ірі қара және керек техника мен технологияларды алды және Шет ауданына қарасты «Ақбұлақ» шаруа қожалығы 50 бас асыл тұқымды аналық ірі қара және «МТЗ» тракторын алды. Одан бөлек Шет ауданына қарасты Жұмыскер ауылында, Осакаров ауданына қарасты Тельман ауылында және Абай ауданына қарасты Ақбастау ауылында сүт қабылдау пункттері ашылды. Бір сүт қабылдау пунктін күніне ауыл тұрғындарынан 1000 литрге дейін қабылдап, сүт өндіру фабрикасына тапсырады.

Ұзақ мерзімді қаржыландырудан басқа, жоғарыда аталған несиелеу бағыттары бойынша мемлекет тарапынан сыйақы үстеме-



## ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ Р.ӘБДІКЕРОВТІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

Күрделі ауа-райына қарамастан диқандарымыз өткен жылы толымды табыстарға жетті. Дөңді дақылдар алқабының әр гектарынан 9,9 центнерден орылып қамбаға 15,7 мың тонна астық құйылды, картоптың әр гектарынан 280 центнерден жиналып 28,8 мың тонна өнім алынды. Бұдан тыс 100 тонна көкөніс пен 164 тонна майлы дақыл – мақсары өнімдері жиналды. 3700 гектарға көп жылдық шөптер, 420 гектарға бір жылдық сұдан шөбі, 215 гектарға 2 жылдық түйе жоньшқа егілді.

Мал басына қажетті пішен жеткілікті дайындалды, алайда күздің қолайсыз ауа-райына байланысты шөп тасымалдау нашар жүрді.

Өсімдік шаруашылығында көкөніс пен картопты жаңа технологиямен, тамшылатып суару әдісімен өсіруді ұлғайта беру міндеті тұр. Мәселен «ДАР-Н» шаруа қожалығы «ҚазАгроКаржы» акционерлік қоғамы арқылы 20 млн. теңге несие алып оған картоп суару құрылғыларын сатып алды. 2013 жылы қожалық 34 гектарға, 2014 жылы 50 гектарға картоп ексе, биыл алқапты 70 гектарға жеткізбек. Мол өнімді кепілді түрде беретін суармалы егіншіліктің тиімділігін түсінген қожалық өткен жылы картоп сақтайтын қойма салып, екі картоп жинағыш техника алды.

Картопты жаңбырлатып суару әдісімен өсіретін «Шерубай-Су» серіктестігі де картоп алқабын 800 гектарға жеткізуді көздеп отыр. Мұнда да картоп қоймалары салынған. Бұл екі шаруашылық өз өнімдерін облыстан асып, республика көлеміне шығара бастады.

Облыс әкімдігінің тапсырмасын орындау мақсатында ауданның өнім берушілері 18 мәрте жәрмеңкеге қатысты, оның біреуі Астана қаласында, 12-сі Қарағандыда, 5 рет ауыл, кенттерде өткізілді. Оларда сатылған азық-түліктің жалпы бағасы 81 млн. теңгені құрады.

2015 жылы ауыл шаруашылығын өндірістік негізге көшіру бойынша қадамдар жасалмақ.

Ол Ақадыр кентінде жылыжай (теплица) құрылысын салу болса, мал шаруашылығында асыл тұқымды сүтті сиырлар негізінде шағын тауарлы-сүт фермаларын ұйымдастыру жұмыстары.

Аудан бойынша тіркелген 1172 шаруа қожалығына 2 млн. гектар жер бекітіліп берілген. 2014 жылы 33 жер пайдаланушы ерікті түрде жерлерінен бас тартты. Есесіне мемлекеттік жер қорынан 43 шаруа қожалығына 72 мың 800 гектар жер беріліп, шаруашылық айналымына қайта енгізілді.

Өткен жылы аудан аумағында жүргізілген түгендеу жұмыстарының нәтижесінде 250 мың гектар жер телімдерінің дұрыс пайдаланымайтыны анықталып, мемлекеттік жер қорына биыл қайтарылып алынатын болады.

Ауданда 2014 жылы ветеринариялық ахуал тұрақты болды деуге болады. Эпизоотияға қарсы іс-шараларға барлығы 77 млн. теңге бөлініп, тиісті зерттеулер, зарарсыздандыру мен емдеу жұмыстары атқарылды. Лабораториялық тексерулер нәтижесінде 610 бас ірі қараның бруцеллезге шалдыққаны анықталды. Бұл бүкіл сиыр малының 1 пайызы. Ұсақ малдан Кеншоқы ауылдық округінде 134 қой осы ауруға шалдыққан. Ауру малдар дереу жойылды. Санитарлық шаралар иесіз, кезбе хайуанаттарды жоюға байланысты да жүргізілді.

Қаржы саласы бойынша көрсеткіштеріміз 2014 жылы ой-

дағыдай орындалды. Аудандық бюджетке өз алым-салықтарымыздан әуелде жоспарланған 1 млрд. 719 млн. теңгенің орнына 2 млрд. теңге түсті. Жыл бойы бюджет ұлғаю жағына қарай 3 рет нақтыланып, соңғы көлемі 4 млрд. 587 млн. теңгені құрады. Жоғарғы бюджеттерден бөлінген субвенциялармен қоса бюджет профиттерін, бос қалдықтар мен үнемделген қаржылар аудандық бағдарламаларды қосымша қаржыландыруға жұмсалды. Игерім 99,8 пайызды құрады.

2014 жылы өткізілген мемлекеттік сатып алулардың жалпы көлеміне бюджеттен 694 млн. теңге қаралды, мұның 334 млн. теңгесі республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінген арнайы трансферттер болса 360 млн. теңгесі аудандық бюджет қаражаттары болды. Жоспарланған 75 процедураның 30-ы электрондық конкурс арқылы, 12-сі баға ұсынысын сұрату тәсілімен, ал 29-ы конкурс арқылы орта болмағандықтан бір көзден алу жолымен өтті.

Облыстық құрылыс басқармасы Ақсу-Аюлыдағы 16 пәтерлік үйдің құрылысының 77 миллион теңгелік тендерін екі рет жариялап өткізе алмады. Осыған байланысты үй бір көзден салынатын болып «Авто Бан» және «Шет Строй» ЖШС-мен келісім-шарттар жасалды. Нысан құрылысы бітіп қалды, биыл мамыр айында пайдалануға берілмек. Аудандық бюджет есебінен 360 млн. теңгеге жергілікті мекемелер арқылы конкурс жарияланып, жеңімпаздар анықталды. Мердігерлер жұмыстарды жүргізіп, алған объектілерін тапсыру үстінде.

Мемлекеттік сатып алулар барысында үнемделген қаржылардың біраз бөлігі республикалық бюджетке қайтарылды, екі нысан бойынша бөлінген қаржы үнемі Ақой және Төменгі Қайрақты орта мектеп-

натылса, Ақадыр кентіндегі «Ардагерлер алаңы» мен Ақсу-Аюлыдағы С.Сейфуллин атындағы сквердің екінші бөлігі көркейтілді.

Көп салалы хоккей алаңдары Ақсу-Аюлы мен Мойынтыда салынып пайдалануға берілді. Мәселен көше жарықтандыруға бөлінген қаржының 59 млн. теңгесіне ауданның 13 елді мекенінде күн көзінен қуат алатын 95 шам орнатылды, ал ақшаның қалған бөлігі бұрыннан тұрған электр шамдарын ұстау шығындарына жаратылды.

Бірнеше миллион теңге елді мекендерде ағаш отырғызуға, гүлзарлар жасауға, сондай-ақ баннерлер мен билбордтарды жаңалауға кетті.

Санитарлық тазалау жұмыстары Қазақстан Республикасы «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» Заңына сәйкес аудан елді мекендерінде көркейту және көгалдандыру шараларымен қоса жүргізілді. Көктемгі және күзгі айлықтар жарияланып, аудан әкімдігінде және округтерде арнайы штабтар құрылды. Әр аптаның бейсенбі күндері бірыңғай тазалық күні болып белгіленіп, оған ауданның барлық тұрғындары, мекемелер мен кәсіпкерлер тартылды. Айлықтар барысында 12 рет таза бейсенбілік, 6 рет облыстық және аудандық сенбіліктер өткізіліп, барлығы 430 гектар жер аумағы тазартылды, 30 мың тонна күл-қоқыс сыртқа шығарылды. Ауыл, кенттердегі үйлер мен мекемелердің шарбақтары мен шатырлары боялды, 1,5 мың шаршы метр тротуар төселіп, 1300 ағаш санитарлық кесуден өткізілді, өктелді, бағандар ағартылды. Нәтижесінде елді-мекендеріміздің экологиялық жағдайы жақсарып, көркейе түсті.

2014 жылы аудан аумағында автокөлік жолдары ин-



теріне әрі қарай пайдалануға қалдырылды.

2014 жылы ауданда коммуналдық сала бойынша атқарылатын жұмыстарға аудандық және республикалық бюджеттерден барлығы 364 млн. теңге бөлінді, мұның 171 млн. теңгесі республикалық «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы аясындағы қаражат.

Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарына 129 млн. теңге бөлініп игерілді. Бұл 2013 жылғы қаражат көлемінен 30 млн. теңгеге артық. Тағы да айта кету керек қосымша сомалар бюджет профитінің арқасында келіп түсті.

Есеп беріліп отырған жылы осы бағытта істелген жұмыстардың тізбесінің өзі біршама: Төменгі Қайрақты, Мойынты, Батық елді мекендерінде декоративтік бетон қоршаулар ор-

фрақұрылымын дамыту іс-шаралары үшін 224 млн. теңге қаржы бөлінді. Оның 65 млн. теңгесі аудандық бюджеттен, 149 млн. теңгесі «Жұмыспен қамту-2020» жол картасы бағдарламасы бойынша, 900 мың теңгесі «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша құралды.

Аудандық бюджеттен бөлінген қаржыларға Ақсу-Аюлы ауылының Жанғұтты би (2 км) және Тілеулин көшелері (0,5 км) орташа жөндеуден өтті.

Бағдарламалар бойынша қаралған қаржылардың 77 млн. теңгесіне Нұраталды – Ақшоқы автогрейдер жолының 30 шақырымына орташа жөндеу жасалды.

Жалғасы 5-6-шы беттерде.



## ЕРЛІГІ ОНЫҢ ЕЛ ЕСІНДЕ

ғысып, ерліктің үлгісін көрсеткен. Өшірбеков Мужтабаның соғыстағы ерлігі мен бейбіт өмірдегі еңбегі ескеруісз қалған жоқ, мерекелік медальдармен, 1944 жылы «Москваны



қорғаны үшін» медальмен, 1945 жылы «Германияны жеңгені үшін» медалы, екінші, үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен, 1971 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1981 жылы «Еңбек Қызыл туы» орденімен, 1957 жылы «Тың және тынайған жерлерді игергені үшін» медалы, 1957-1977 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалы, 1979 жылы «Халық шаруашылығындағы табыстары үшін» күміс медальдарымен марапатталған.

Атамыз Өшірбеков Мужтаба Хамитұлы 1992 жылы наурыз айының 11-ші жұлдызында дүниеден өтті. Бұл кісіден тараған 10 баланың 3-і ұл, 7-і қыз жоғары білімді, өмірде өз орындарын тапқан, әкелерінің еңбек жолын жалғастырып, ел құрметіне бөленуде.


Алтынай ИСКАКОВА,  
Ақадыр кенті.  
Суретте: соғыс ардагері  
М.Өшірбеков.

## ТЫЛ ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАГЕРІ

Уақыт алға жылжыған сайын сұрапыл соғыстың тірі куәгерлері де азайып барады. Қаншама қыршынды жаламаған, қаншама баланы жетім қалдырған, қаншама отбасына ауыртпалықтың ащы дәмін татқызған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына Ұлы Жеңіске биыл 70 жыл толмақ. Тыл және еңбек ардагері 9 жасынан бастап ауыр еңбек етіп, тауқымет тартқан – әкеміз Теңел Жақыпбайұлы туралы жазбақпын. Әкем 1934 жылы 15 шілдеде Қарағанды қаласында дүниеге келген. Әкесі Жақыпбай Дөненбайұлы шахтада жұмыс істеп жүргенде аяқ астынан апат болып, құлаған көмірдің астында қалып бір аяғынан айырылады. Содан 1934 жылы дүние есігін ашқан сәбиіне «аяғым теңелді» деп Теңелді деп атын қояды. Қалада бір аяғы жоқ адамға отбасын асырау қиынға соғып, атамыз елге 1942 жылы Қоңырат ауданының (қазіргі Ақтоғай ауданы) Шапапай елді мекеніне, Көрпелтайдің баурайына көшіп келіпті. Бәйбішесі Әмина екеуі халықпен қатар ауыр жұмыстар атқарыпты. Сол 1942 жылы әкем 1-сыныпқа оқуға барады. 1943 жылы есі кіріп қалған бала Теңел анасына жаны ашып жегілген екі өгізді жетектеп шөп жинайтын сырғының басына ие болады. Күн жылы уақыттарда жұмыс істеп, қыста ғана оқу оқып, Ұлы Отан соғысының жеңісіне өз үлесін қосады.

«1946 жылы қыркүйек айында Қоңырат аудандық кеңесінің төрағасы Яхин жолдас Байзақ атты жүргізуші арнайы «полтурка» көлігімен жіберіп, мені алғызған еді. Сол жиналыста мені шығарып Совет Одағы Жоғарғы президентінің ұказымен 1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін медалің «жауларымызға оқ атқан жас жеткіншек», - деп өз қолымен омырауыма қадаған еді» - деп жиі еске алып отырады.

Жеті жылдық білімі бар әкем 21-экспедицияда жұмыс істеп, 1954-1957 жылдары Иркутскіде Слюданка деген жерде үш жылдық әскери борышын атқарып келіп, 1957 жылы наурызда



анам Майтөлеумен бас қосыпты. Содан Ақжал кентіне көшіп келіп зейнеткерлікке шыққанша көлік жүргізушісі болып еңбек етті. Осы жылдарда әр түрлі медальдармен марапатталып, «Еңбек ардагері» атанды. 9 бала өсіріп, 30 немере, 13 шөбере сүйіп отырған абзал жан. Балалары осы кеніште әр түрлі салада қызмет етіп жатыр.

Әкем көзі көрмей 1 топтағы мүгедек болса да, көкірегі ояу, радио тыңдап Елбасымыздың әр Жолдауын балалары мен немерелеріне түсіндіріп отырады. Әлі күнге тың, анам екеуі қуанышта да, қайғыда да бірге, бізге ақылшы, қамқоршы болып, халқының, балаларының, тілеуін тілеп әр жұма сайын дұға оқудан жалыққан емес.

«Қарттарым - асыл қазынам» демекші, ата-анам қарттықтарыңыз өдемі, мәнді, сәнді болсын, балаларыңыз бастарыңызды төрге сүйресін, әрдайым халқыңыздың, ауылыңыздың сыйлысы бола беріңіздер, денсаулықтарыңыз мықты болсын-демекпін. Тауелсіздігіміз мәңгі, еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын!

Алмағаш САРТАЕВА,  
Ақжал кенті.



## ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ Р.ӘБДІКЕРОВТИҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

Есеп беріліп отырған жылы көше жолдарын жөндеу мен асфальттауға ерекше көңіл бөлінді. Бұрын мүлде тозып тұрған Ақадырдағы Қыздарбеков көшесі, Ақсу-Аюлыдағы Дербісалы батыр көшесі мен Нұраталдының Ботай Байзақов көшесі асфальтпен қапталған соң көліктердің іркілмей жүретін даңғылына айналды. Мойынты кентінің Таныбай батыр көшесі қиыршық тас төселіп, жөнделген соң көріктен түсті.

Елді мекендердегі ауыз су мен жылу құбырларының жағдайлары аудан әкімдігінің үнемі бақылауында болды. Соның нәтижесінде түрлі қаржы көздерінен бөлінген 183 млн. теңгеге тиісті жұмыстар атқарылды. Оның ішінде 6 мектептің, 2 мәдениет үйінің жылу жүйелері жөнделді, отқазандықтары айырбасталды.

С.Сейфуллин, Красная поляна, Ақадыр елді мекендерінде су құбырлары ағымдағы жөндеуден өткізілсе, Ақжал кентінде көріз жүйесі қайта жаңғыртылды.

Елді мекендердегі су құбырларын кішігірім жөндеу мен күтіп ұстауға жергілікті бюджеттен үнемі көмек жасалып отырды.

Сондай-ақ, «Нова-Цинк» кәсіпорны Ақжал кентінің локалды қазандығын, ал «Электржабдықтау» мен «Шет-энерго» серіктестіктері электр желілері мен подстанцияларын жөндеуге тиісінше 33,5 млн. және 38 млн. теңге жұмсағандарын айта кетуге болады.

Ал автономды қазандықтардан жылу алатын көп қабатты үйлер қысқа ойдағыдай дайындалды.

2015 жылы, құрметті жерлестер, Президент Жолдауында айтылғандай, инфрақұрылымды оңай дамыта түсуге барынша назар аударылмақ. Ақсу-Аюлы, Ақадыр кенттерінде күн көзінен қуат алатын 116 көше шамдары орнатылады, ал қалған елді-мекендерде көше жолдарын жөндеп, декоративті қоршаулар орнатуға, саябақтарды қалыңа келтіріп, жарықтандыруға, құбырларды жаңғыртып, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізуге бюджеттен 240 млн. теңге бөлуді көздеп отырмыз.

Үстіміздегі жылы Ақсу-Аюлыдағы С.Сейфуллин көшесі, Ақадырдағы Тәуелсіз Қазақстан көшесі қайта асфальттандырылмақ. Сонымен қатар 30 млн. теңгедей ақша Ақадыр, Сейфуллин кенттерінің су, көріз жүйелерін жөндеуге бағытталмақ.

### Құрметті халық!

Халықтың әл-ауқаты деңгейінің бұлжымас бір көрсеткіші тұрғын үй жағдайы, салынған пәтерлердің шаршы метрі, қолда бар үй қорының есебі мен күтімі болып табылады.

2014 жылы аудан бойынша 6700 ш/метр тұрғын үй алаңын салу жоспарланған болатын. Жыл қорытындысымен бұл жеке 109 пайызға орындалып, пайдалануға 7287 ш/метр тұрғын үй берілген. Бұл өткен жылғы деңгейден 607 ш/метрге артық. Қазақстан Республикасының 2012-2020 жылдарға арналған «Қолжетімді баспана» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджеттер есебінен Ақадыр кентінде 16 пәтерлік тұрғын үй салынып пайдалануға берілсе, Ақсу-Аюлыда 16 пәтерлі тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Қуантарлық және құптарлық жайт баспана құрылысымен елді мекендердегі жеке тұрғындардың өздері айналысуы. Есепті жылы тек солардың күшімен 57 тұрғын үй салынған.

Үй құрылысының қарқынды дамуына «Нова-Цинк» серіктестігі мен «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы ак-

ционерлік қоғамы айтарлықтай атсалысты. Осы кәсіпорындардың қаражатына Ақжалда 12 пәтерлік 1 үй, төрт станса басында екі пәтерлік 5 үй салынып пайдалануға берілді.

Тұрғын үй құрылысы 2015 жылы да өрістей бермек. Қазірдің өзінде Ақжал кентінде 16 пәтерлік 2 тұрғын үй құрылысын жүргізуге жоғарғы бюджеттерден 88 млн. теңге бөлініп отыр.

Сондай-ақ, тиісті қаржылар Ақсу-Аюлы ауылы мен Ақадыр және С.Сейфуллин кенттерінде салынатын көп пәтерлі үйлердің жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге берілмек. Жеке меншік үй салушыларға



инженерлік коммуникацияларды мемлекет есебінен тартып беру мақсатына республикалық бюджеттен 41млн.теңге қарастырылды.

Құрылыс жоспарында келешекте Ақсу-Аюлы мен С.Сейфуллин кентінде балабақшалар салу белгіленген. Биыл оның құжаттары мен сметасын жасау үшін қаржы бөлінді. Естеріңізге сала кетейін, 2014 жылы Ақадырда салынып біткен балабақшаның лентасын қию рәсіміне облыс әкімі Н.Әбдібеков қатысқан болатын.

Жоспарда С.Сейфуллин кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу жұмысы тұр. Биыл оның жобалау-сметалық құжаттары бітпек, ал мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасына сәйкес Ақадыр, Мойынты, С.Сейфуллин, Бұрма елді мекендерінде су құбырын тартудың, тағы бірнеше елді мекендердегі су құбырларын жаңғыртудың, ұңғыма бұрғылау жұмыстарының құжаттары аяқталып сараптамадан өткізілмек. Тұрғын үй мәселесіне қатысты тақырыпты аяқтай келе, келесі мәселеге көңіл аударуды жөн көрдім.

Аудан кенттерінде халықтың едәуір бөлігі көп қабатты үйлерде тұрады, олардың жалпы саны 164. Осыған байланысты көптеген проблемалар туындап жатады.

Әркім өз пәтерін жекешелеп алғанымен, шатыр мен жертөле, кіре беріс пен қоршау ортақ, келетін су мен жылу, көріз жүйелері бір көзден, және олар иесіз деуге болады. Міне осы мәселелерді шешу үшін ауданда тұрғын үй инспекциясы құрылған. Бұл орган 2-3 жылдан бері осындай үйлер мен ғимараттардың есебін алып, иесіз тұрғандарын анықтап жатыр. Жұмыс барысында көп үйлердің ортақ құжатының, иесінің жоқ екені шықты.

Ал, кондоминиум объектілері бола тұра пәтер иелерінің кооперативтері құрылмаған, үй басқарушылары сайланбаған.

Келешекте бюджеттен бөлінетін қаржыларға үйлердің техникалық паспорттары дайындалып, жер актісін алу керек, кондоминиум объектісі ретінде әділет басқармасына тіркету қажет. Аудандық тұрғын үй инспекциясына осы мәселелермен мықтап шұғыл-

дануды тапсырамын. Бұл істе оларға жергілікті әкімдіктер де көмектесетін болады.

2014 жылы жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органға жұмыс іздеуші ретінде 1198 адам тіркелді. Алдындағы жылмен салыстырғанда тіркелгендер саны 97 адамға көбейген. Елбасының бытырғы Жолдауына сәйкес жұмыссыз ретінде 39 мүгедек тіркеліп, оның 13-і тұрақты жұмысқа орналасты, ал 9-ы қоғамдық жұмыспен қамтылған, өз ісін ашуға 6 мүгедекке материалдық көмек көрсетілді.

Осылардың бәрін есептегенде жыл басынан 615 адам жұмыс-

Ақадыр кентінде маусым айында бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өткізіліп, онда 15 жұмыс беруші 75 орын ұсынды. Жәрмеңкеге қатысқан 124 адамның 17-сі тұрақты жұмысқа орналасты, 8 адам қоғамдық жұмысқа жолдама алды, ал қалғандарына консультация берілді.

Аз қамтылған азаматтардың электрондық базасында 2014 жылы 138 отбасынан 671 адам тұрды. Жыл басынан 1393 адамға мемлекеттік емес көздерден 4 млн. теңгеден аса әлеуметтік көмек көрсетілді.

Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейшілік шегінен төмен 187 отбасындағы 883 адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді, 456 отбасындағы 1386 балаға балалар жәрдемақысы төленді, табысы төмен 31 отбасына 1 млн. 100 мың теңге тұрғын үй көмегі көрсетілді. Осылардың бәріне бюджеттен 45 млн. теңге жұмсалды.

Ауданда өткен жылы 1414 мүгедек есепте тұрды, ал мүгедек балалар саны 122 болды.

Еліміздің мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға көрсетілетін заңды көмектерінен бұлардың бір-де біреуі шет қалған жоқ.

Сыртқы және мүгедектігінің түрлеріне қарай адамдарға кресло-арбалар, дыбыс қабылдағыш аппараттар, гигиеналық құралдар сатып әперілді. 135 мүгедек және жарымжан балаға әкімдіктердің бюджеті есебінен «Планшет» сатып әперілсе, 18 баланың үйіне «Oтау ТВ» телеқабылдағыштары тегін орнатылды.

21 ересек мүгедек Көкшетауда, 3 мүгедек бала Теміртауда санаторлық-курорттық емдеуде болды, ал 29 қарт пен мүгедек Қарағандыдағы ардагерлер үйінде демалды.

Жүріп-тұруы қиын 30 мүгедекке жеке көмекшілер тағай-

қа орналастырылып, жоспар 101 пайызға орындалған.

Өткен жылы аз қамтылған 532 адам, және оның көпшілігі әйелдер, қоғамдық жұмыстарға тартылды. Олар 2-3 ай бойы 20 мың теңгеден еңбек ақы алды, 123 адам кейін тұрақты жұмысқа орналасты.



Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 14 адам тігінші, 25 адам электронды машина операторы, 28 адам аспаз мамандықтарына оқытылды.

Бұдан тыс 12 әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылып, оған қатысушылар 6 ай бойы еңбекке араласты.

Дипломы бар жастарды жұмысқа тарту мақсатында 2014 жылы «жастар практикасы» аясында 16 жұмыс орны ашылып, оған ауысым төртбімен 20 жұмыссыз жіберілді. Практикадағы жастарға айына 29 мың теңгеден жалақы төленіп, аудан бюджетінен 2 млн. 300 мың теңге жұмсалды. Осы жастардың алтауы кейін тұрақты жұмысқа орналасты.

Өз ісін ашамын деген 26 жұмыссызға әрқайсысына 74080 теңгеден, барлығы 2 млн. теңгедей материалдық тегін көмек көрсетілді. Бұлардан шын мәнінде өз ісін ашып салық басқармасына тіркелгені жиырма-сы болды.

ынданып, 5,3 млн. теңгеге еңбек ақы төленді.

Үйде оқитын 9 мүгедек баланың әрқайсына айына 3704 теңге материалдық көмек көрсетілді.

Мүгедек жандардың құқықтарын қамтамасыз ету мен өмір сүру сапасын жақсарту ішаралары бойынша инфрақұрылым нысандарын бейімдеу жұмысы жалғасын тапты.

Білім беру, мәдениет және спорт саласының мамандарына, жалпы саны 2200 адам, отын сатып алуға 15,5 млн. теңге көмек жасалды.

Аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы шешіміне сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарындағы 2790 адамға 15 млн. теңге әлеуметтік көмек көрсетілді. Оның ішінде туберкулезбен ауыратын 68 адам бар.

«Шет ауданының жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі негізінен «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасымен шұғылданады. Бізде осы бағдарламалардың 3 бағыты бой-

ынша жұмыстар ұйымдастырылып, нәтижесінде республикалық бюджеттен қаралған 370 млн. теңге толығымен игерілді, 367 адам жұмысқа орналасты.

Бірінші бағыт - инфрақұрылымды жөндеу жұмыстарына 11 жоба аясында 240 млн. теңге қаралып, 91 адам уақытша жұмысқа тартылды. (Слайдты қараңыздар)

Екінші бағыт - ауылда кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру және тірек ауылдарды дамыту бойынша 54 адам несие алып, өз кәсіптерін ашқан, ал 45 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылған. Бюджеттен осы мақсатқа 126,5 млн. теңге несие ақшасы мен 2 млн. теңге қаржы оқытуға жұмсалды. (слайд).

Үшінші бағыт - жұмыс берушінің тапсырмасы шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналастуға жәрдемдесу болып табылады. (слайд).

Оған 3,5 млн. теңгедей қаржы қарастырылып, қысқа мерзімдік оқуларға (шаштараз, электрик, аспаз және тағы басқа) 12 адам, ветеринарлық мамандыққа 25 адам оқытылды. Тағы да 15 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасы бойынша еңбекке тартылды.

Сонымен қатар осы орталық арқылы мемлекеттік қолдаусыз тұрақты жұмысқа 198 адам орналасты.

Өткен оқу жылында ауданда 53 жалпы білім беру мектебі, 6 балабақша және басқа да оқыту мекемелері жұмыс істеді. Оқушылар саны 7222 баланы құрады, бұл 2013 жылғыдан 82 оқушыға кем. Білім беру саласына аудан бюджетінің 58 пайызы, немесе 2 млрд. 646 млн. теңге бағытталды.

Ауылдық елді мекендердегі оқушылар санының азаюына байланысты Ақшоқы округіндегі Қызылтау, сондай-ақ, Ортау, Ж.Алтайбаев атындағы орта мектептер негізгі мектептерге, Байғошы батыр орта мектебі бастауыш мектепке айналдырылды.

2014 жылы жергілікті бюджеттен Дәрия орта мектебінің есік-терезелерін айырбастауға, Ақсу-Аюлыдағы интернатты кеңейтіп, жертелесін құрғатуға, сондай-ақ, Ақадырдағы Ә.Ермеков атындағы орта мектептің интернатын жаңғырту үшін барлығы 88 млн. теңге бөлініп, игерілді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша Бұрма орта мектебінің жылу жүйесін айырбастауға және Ақадыр кентіндегі «Балбөбек» балабақшасының терезелерін жаңалауға 22 млн. теңге жаратылды.

«Жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен барлығы 70 млн. теңге бөлініп, Ақой орта мектебінің есік-терезелері айырбасталды, Қайрақты орта мектебіне 50 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жасалды.

Білім беру мекемелерін жөндеуге 2013 жылы 130 млн.теңге бөлінгені ескерсек, бұл сома есеп беріліп отырған жылы 180 млн. теңгені құрады.

Бұрнағы жылдармен салыстырғанда саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға бөлінген қаржылар 3 есе артты.

Барлық деңгейдегі бюджет қаржыларынан 65 млн. 400 мың теңге жұмсалып, оған 10 оқу кабинеті, 80 компьютер, 11 интерактивті тақта, спорттық тауарлар, интернаттар мен балабақшаларға ішкі жиһаздар сатып алынды.

## ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ Р.ӘБДІКЕРОВТИҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕБІ

Елбасының Жолдауларында қойылған міндеттердің бірі – мектеп алды тәрбиені күшейту болса, бұл бағытта да ілгері басушылық байқалды. 2014 жылы Ақжал, Ақбауыр және Мұхтар негізгі мектептерінде шағын орталықтар ашылды. Ауданда бүгінгі күні бар 3 мектеп-балабақша ғана. Өкінішке орай жоспарланған жаңа 3 мектеп-балабақшасы (Мойынты, Бұрма, Босаға орта мектептерінде) ашылмай қалды.

Өткен жылы мектептердегі білім сапасы біршама жоғарылады. Білім ошақтарындағы үздік және жақсы оқитын балалардың саны көбейді, ал ұлттық бірінші тестілеудің нәтижесі 68,7 пайызды құрап, облыстық орташа көрсеткіштен асты. Алдындағы жылы бұл сан 62 пайыз ғана болатын.

2014-2015 оқу жылында ауданға 39 жас мұғалім келіп орналасты. Оларға «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасы аясында барлық жеңілдіктер жасалып жатыр. Біржолғы көтерме ақшалардан басқа жеңілдетілген тұрғын үй несиесі 2,7 млн. теңгеден берілуде.

Бытыр ауыл мектептеріне 8 жерден 120 бала тасымалданып оқытылды, ал мектептері қысқарған елді мекендердің 48 баласы бүгінде интернатқа жатқызылды. Аудан әкімдігі көліктері тозған, жолдары бұзылған немесе басқадай қиын учаскелерді ауыл әкімдерінің жеке жауаптылығына жүктеген. Қазір тозған көліктерді жаңалауға бюджеттен қаржы қаралып жатыр.

Жаз айларында жасөспірімдерді сауықтыру, тынықтыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп, назар бірінші кезекте жағдайы төмен отбасылардың балаларын қамтуға аударылды.

Бізге әрбір 6-7-ші бала көп балалы отбасынан шыққан және жетім балалар. Бүгінгі күні олар, барлығы 1100 бала, бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтылған.

Аудан халқының, бірінші кезекте жас ұрпақтың денсаулығы мығым, шымыр болуына спорт мектептері мен жаттықтырушы ұстаздардың алар орны ересен. Ақсу-Аюлы және Ақдыр дене тәрбиесі мектептерінде спорттың 11 түрімен 1144 бала дайындалады, ал мектептердегі үйірмелерге 3600 бала қатысады.

Көптеген спортшыларымыз түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, облыс, республика көлемінде жүлделі орындарды иеленді. Жас палуан Қанжанов Бейімбет әлемдік жарыстардың жеңімпазы ретінде облыстың үздік спортшысы атағы мен грантын жеңіп алды.

Мектеп оқушыларының 2014 жылғы облыстық спартакиадасында жас спортшыларымыз аудандар арасында I орынды жеңіп алды.

Сондай-ақ, облыстық «Сарыарқа-2014» ауыл спорты мерекесінің қорытындысы бойынша аудан жалпы командалық есепте III орынға шықты. Бұл табысқа әсіресе ұлттық ат спортымен шұғылданатын жігіттеріміз үлкен үлес қосты.

Бұқаралық спортты дамытуда, түрлі жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге, барлық деңгейдегі турнирлерге қатысуға аудан бюджетінен қомақты қаржылар жыл сайын бөлініп келеді. Соның нәтижесінде спорт шеберлері мен разрядшылар қатары өсе түсуде.

Мәдениет саласына 2014 жылы бюджеттен 326 млн. теңге қаржы бөлінді. Бұл өткен жылғы сомандан 49 млн. теңгеге, немесе 18 пайызға артық.

2014 жылдың ортасынан аудандық орталықтандырылған кітапхана коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылды.

Есеп беріліп отырған жылы мәдениет үйлері мен клубтардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін 41 млн. теңге бөлініп, оларға ұлт аспаптары мен музыкалық аспаптаралар, компьютерлер мен жиһаздар, автокөліктер мен электрогенераторлар сатып әперілді. Аудандық мәдениет үйінің алдында Домбыра мүсіні орнатылды, видеокамералар қойылды.

Ақсу-Аюлы мәдени-сауық орталығы 5 млн.500 мың теңгеге автобус, 2 млн. теңгеге ұлттық музыкалық аспаптар алды.

Ақдыр кентіндегі мәдени-сауық орталығына сахналық киімдер тіктіріліп, «УАЗ» автокөлігі әперілді.

Аудандық орталық кітапхана 6 млн. теңгеге «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша жөнделді. Жергілікті бюджет қаржысына Бұрма ауылдық мәдениет үйінің төбесіне 10,1 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жасалды. Нұраталды мен Ақжал мәдениет үйлерінің әрқайсысына 2 млн. теңгеден қаржы бөлініп, жылу жүйелері қалыпқа келтірілді.

Кітапханаларға 3 млн. теңгеге 2000 кітап сатып әперілді, оның сыртында облыстық кітапханадан 225 дана кітап түссе, тағы 117 кітап сыйға тартылды. 25 кітапхана телефон желісіне қосылған және компьютерлендірілген.

Аймақтық «Мәдени мұра» бағдарламасының іс-шаралар жоспарына сәйкес есепті жылы біршама жұмыстар атқарылды.

С.Сейфуллиннің туғанына 120 жыл толуына орай ақынның туып-өскен жерлері Қарашілік пен Өспен ауылында Астананың ғылыми-экспедиция қатысқан үлкен мәдени шаралар өтті. Ақын туған қыстақ қайта жаңғыртылды.

Белгілі композитор Сыдық Мұхамджановтың 90 жылдығы аудан орталығында әдеби-сазды кешпен атап өтілді.

Ақдырда Қазақстан Республикасы мен Монғолияның композиторы Ысқақ Тәукейұлын еске алу кеші де тағылымды шара болды.

Жергілікті бюджеттің демейшілігімен жерлес ақынымыз Тезекбай Амандықұлының «Ел іші - жұмақ мекенім» жыр жинағы, Кәріғұл Нұғыманұлының «Тағылымнама» кітабы жарық көрді. Өуесқой композитор Зәрубай Сүйіндікұлының «Ақсу-Аюлы - аңсарым» әніне бейнеклип түсіріліп, аудандық мәдениет үйінде тұсаукесері өткізілді.

Ауданның ішкі саясат бөліміндегі іс-шаралар қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға, адамдардың ақпараттық сұранысын қанағаттандыруға, түрлі сала қызметтерін мемлекеттік ішкі саясатпен үйлестіруге бағытталды. Елбасының Жолдауларын насихаттауға арналған активтерге депутаттар, ардагерлер кеңесінің мүшелері, әйелдер қоғамы мен жастар ісі жөніндегі орталық белсенділері, «Нұр Отан» партиясының фи-

лиалы, Қазақ тілі қоғамы мен кәсіпкерлер бірлестіктері кеңінен тартылды. Есепті мерзімде аудан аумағында мемлекеттік және кәсіби мерекелер өз мәнінде аталып өтілді.

Бөлімнің назарында тұрған діни бірлестіктермен жұмыс оң нәтиже беруде. Дәстүрлі дінімізді уағыздайтын мешіттер саны көбейе түсті. Дін қайраткерлерінің қатысуымен өткізілетін іс-шаралар мен мерекелер адамдарды көптеп тартуда.

Аудандық «Шет шұғыласы» газеті мемлекеттік тапсырыстарды орындау мақсатында медиа-жоспар бойынша жұмыс атқарды. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері 3850 данамен жарыққа шығып тұрды.

Жыл бойы 3 елді мекен: Мойынты кенті, Көктіңкөлі

лердің өлім көрсеткіші 7-ден 9-ға өсті.

Әлеуметтік мәні бар туберкулез ауруына шалдыққандар саны екі есеге азайғанмен (30:16), қатерлі ісікпен сырқаттанушылық 1,5 есеге артқан (53:75).

Диспансерлік есепте тұратын 3,5 мың науқасқа тегін, рецепт арқылы 17,3 млн. теңгенің дәрісі босатылған. Кепілдендірілген дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету деңгейі әлі де болса төмен екенін айта кетуіміз керек. Адамдар арасында осыған байланысты наразылық көп.

Аудан көлемінде өткен жылы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай тұрақты болды: халық арасында дифтерия, дизентерия, менингит, тырысқақ, полиомиелит сияқты жұқпалы аурулар тіркелген жоқ.



және Төменгі Қайрақты ауылдары өз мерейтойларын жоғары деңгейде атап өтті. Мойынты кенті туралы танымдық жинақ кітап болып шықты.

Денсаулық сақтау қызметін ауданның орталық ауруханасының құрамындағы 61 медициналық ұйым көрсетеді.

Аудан тұрғындарының денсаулығын 58 дәрігер мен 281 орта буындағы медицина қызметкерлері қорғады, ауырса ем жасады. Поликлиникалар мен амбулаториялардың медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілу деңгейі 53 пайызды ғана құрайды. 2014 жылы аудандық аурухана 33 млн. теңгеге медициналық құрал-жабдықтар мен санитарлық 3 автокөлік алды. Оның біреуі қажет қондырғылармен толық жарақатталған «Газель» автомашинасы.

Жетіспейтін мамандардың саны бір жылда 12-ден 5-ке дейін азайды. Бүгінгі күні ауданға 2 акушер-гинеколог, отоларинголог, рентгенолог пен окулист қажет.

Келген екі жас маманның біреуіне үй берілді, екіншісі көтерме ақы алды. Бұдан бөлек сырттан 1 нарколог дәрігер келіп, жұмысқа орналасты.

Аудан көлемінде бала туу көрсеткіші төмендеп, табиғи өсім 10 мың адамға шаққанда есепті жылы тек 12,01 промилле болды. 2013 жылы бұл көрсеткіш 15,44 промилле болатын. Бір жасқа дейінгі сөби-

Республикалық бюджет және кәсіпорындар қаржысы есебінен тұмау және басқа жұқпалы аурулардың алдын алу үшін тұрғындарға екпе жасалды.

Аудан халқы қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз ету 94 пайызды құрайды.

Көпшілік тамақ ішетін жерлердегі санитарлық тазалықты тексеру, зиянды кеміргіштермен күресу, көкөністердегі нитраттар мөлшерін анықтау жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп отырды.

2014 жылы қылмыс туралы арыздар мен хабарламалар саны және соған орай қылмыстық іс қозғау оқиғалары тиісінше 9 кезең 18 пайызға төмендеді. Соған сәйкес **криминогендік жағдай** немесе жалпы қылмыстылық деңгейі алдындағы жылмен салыстырғанда 34 пайызға кеміді.

Оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыс 40 пайызға, ауыр дене жарақатын салу 57 пайызға, бөтеннің мүлкін ұрлау 31 пайызға, мал ұрлығы 42 пайызға азайған. Жол көлік оқиғасы да 58-ден 42-ге төмендеп, қаза тапқандар саны 36-дан 28-ге дейін төмендеді.

Дегенмен қылмыстың бұрын көп кездеспеген түрлері: зорлау 3 оқиғаға, көлікті айдап кету 2 оқиғаға, түсті металл ұрлығы 4 оқиғаға көбейген.

2015 жылдан бастап еліміздің әкімшілік және қылмыстық Кодекстеріне, сондай-ақ жол қозғалысы ережесіне көптеген өзгерістер енгізіліп жатыр. Осыған байланысты полицияның жеке құрамның, учаскелік инспекторлардың атқаратын функциялары мен құқықтары әлдеқайда кеңейтілді.

Мұның өзі ішкі істер органдары тарапынан жүргізілетін профилактикалық іс-шараларды күшейтуді, жол жүру ережелерін насихаттауды, жасөспірімдермен жасалатын жұмыстарды нақтылауды талап етеді. Сақшыларымыздың ерлікке толы күнделікті қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында өз мәнінде насихатталмай келеді.

Аудан әкімі аппараты мен ауыл, кент әкімдіктерінде, дербес бөлімдерде істейтін **мемлекеттік қызметшілер** саны бүгінгі күні 197, бос орын саны

20. Вакансиялар аудандық бөлімдер бойынша 3 бірлік, жергілікті әкімдіктерде 17 бірлік.

Аудан әкімінің кадр бөлімі ауылдар мен кенттердегі және бөлімдердегі жыл бойы босаған 61 әкімшілік мемлекеттік лауазымдарды толықтырып, кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында 8 рет конкурс жариялады. Нәтижесінде 36 адам «Б» корпусының бос лауазымдары орынына қабылданды. Тағы да 3 мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік басқармасының келісімімен ауыстыру тәртібімен тағайындалды. 2014 жылы облыс әкімдігінің аймақтық орталығында 63 мемлекеттік қызметші қайта даярлау мен біліктілік арттыру курстарынан өтті. Бұл бүкіл қызметшілердің 32 пайызы.

Аудан әкімі аппаратының **кеңсе бөліміне** 2014 жылы 9633 кіріс құжаты түсіп тіркелді. Электронды құжат айналымы арқылы 5403 құжат түскен.

Шығыс құжаттарының саны 1539, барлығы мемлекеттік тілде орындалды.

Барлық сұрақтар бойынша түскен 480 өтініштің 108-і қанағаттандырылып, қалғандарына түсініктеме берілді.

Өткен жылы Мойынты кенті мен Талды ауылында «Ашық есік» күндері өткізіліп 21 адамның өтініштері қабылданды, пікірі тыңдалды.

2014 жылы жалпы 21228 мемлекеттік қызмет көрсетілген, халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы 3577 қызмет, ал 17651 ауданның мемлекеттік мекемелерімен көрсетілген. Осы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің стандарттарымен, регламенттерінің сақталуына арнайы құрылған жұмыс тобы төрт рет ішкі бақылау жүргізді.

Сонымен қатар, ауданның мемлекеттік мекемелерімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мерзімдерінің бұзылмауы аудан әкімі аппаратымен үнемі бақылауға алынған.

Ауданның мемлекеттік мекемелерінде көрсетілетін қызметтерге азаматтардан түсетін арыз-шағымдарды тіркеу журналы ашылған. Бұл арыз-шағым тіркеу журналдарына ешқандай жазбалар түспеген. Бұл көрсетілген қызметтер сапасына қанағаттанбау фактілерінің орын алмағандығының айғағы.

Өткен 2014 жылдың қаңтар-ақпан айларында ауылдық округтер мен кенттерде өткізілген тұрғындар алдындағы есеп беру кездесуінде түскен 61 ұсыныстар мен сұрақтардың бүгінгі күнге толық шешімін тапқаны -59, ал 2 мәселе қомақты қаржыны талап етуіне байланысты, қосымша бақылауға алынды.

### Құрметті халайық!

Өткен жылы қол жеткен табыстарымыз бен жетістіктеріміз бәріміздің бірлесіп қимылдап, ұйымдаса атқарған жұмыстарымыздың нәтижесі деп санаймын.

Өздеріңізге мәлімдеп отырғандай, биылғы жылға жоспарланған міндеттер мен ауқымды істеріміз де жетерлік.

2015 жыл тарихи мәні бар ерекше жыл болғалы тұр. Биыл біз Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығын, Ата заңымыз бен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз.

Әлемде қаншама сын-қатерлер болып жатса да еліміз **Мәңгілік ел** идеясын бағдар шам етіп, бет алған Нұрлы Жолдан ауытқымақ емес.

Биіктерге құлаш сермеген сүйікті отанымыз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ауданның барша тұрғындары сүбелі үлес қосады деген нық сенімдемін!





● **Аудан әкімдігіне**

**ОТБАСЫНДАҒЫ  
КЕЛЕҢСІЗДІК-  
ТЕРДІҢ АЛДЫН  
АЛУ МӘСЕЛЕСІ  
ТАЛҚЫЛАНДЫ**

Өткен аптада аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдиннің төрағалық етуімен аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия отырысы өтіп, онда “Отбасы - тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы” туралы Заңының орындалысы туралы” Шет аудандық ішкі істер бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Қ.Бекеновтің хабарламасы тыңдалды.

Хабарламашы ауданда осы аталған заң шеңберінде қылмыстарды болдырмау мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарына тоқталып өтті. Көбіне осындай қылмыс ішімдік салдарынан орын алып отырғаны жасырын емес. Соның біреуін атап айтқан хабарлама жасаушы, аудан орталығының тұрғыны М. деген азамат өзінің әкешесіне үнемі маза бермейді, тіпті өзін асырап, өсіріп жеткізген оларға жиі қол көтеріп, үйден қуып шығады. Бір айта кетерлігі, мұндай жағдай бір емес үнемі қайталанып отырады, әрі әкешесінің кешірім жасауымен іс тоқтатылып, осы азаматты емдеу орындарына жіберумен ғана шектеліп келеді. Қазір жоғарыда аталған бұл азамат ішкі істер бөлімінің бақылауында. Жалпы ауданда мұндай қылмыс түрлерінің басқа да елді мекендерде орын алып отырғанын да атап өтті. Сондай-ақ, хабарлама жасаушы кейбір заң баптарына тоқталып, түсініктемелер берді.

Комиссия мүшелері де мұндай қылмыстардың алдын-алуға, оған жол бермеу мақсатындағы өздерінің тұщымды ой-пікірлерін ортаға салды. Отырыстың қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин бұл мәселе жөнінде алда атқарылар жұмыстарға тоқталып, қылмыстың алдын алуға, оның көрсеткіштерін кемітуді айтты.

Өз тілшімізден.

● **Округ әкімгері есеп беруге**

**МОЙЫНТЫ КЕНТІНІҢ ӘКІМІ У.АДАМБАЕВТЫҢ 2014 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ**

Елбасы Жарлығынан туындаған тапсырманы орындау мақсатында Мойынты кенті бойынша 2014 жылы атқарған жұмыстар жайлы есепті назарларыңызға ұсынамын.

Өткен жылдың есептік кездесулерде халықтан түскен сұрақ, өтініштер бойынша мәселелер қарастырылып, барынша шешілді. Бірінші сұрақ: Су мәселесі шешілсе? деген болатын.

Биыл Ақбұлақ бағдарламасы бойынша Мойынты кентінің маңынан ауылға су тартылады. Жоғалық сметалық құжаттары жасалды.

Екінші, көктемгі мал бағымы ұйымдастырылса деген сұрақ қойылған болатын. Осыған орай көктемгі мал бағымы ұйымдастырылды. Бақташылармен келісім-шартқа отырдық, мал бағасы келісілді. Ал, үшінші жұмыс тауып беру туралы Каракеева Гүлзададан өтініш түскен болатын.

Ол кісіге бірнеше жұмыс ұсындық пошта бөлімшесіне күзетшіге, әкім аппаратына күзетші есебінде, алайда Гүлзада айлығы аз деп бас тартты.

Мойынты кенттік округіне қарасты Ақбұлақ елді мекені, Мойынты-Балқаш теміржолының бойында орналасқан Бүйрек, Сарықұм, Көкдомбақ және 8 қазарма елді мекендері бар. Ақбұлақ ауылында және қыстақтарда бүгінде 40-адам өмір сүруде, жұмыстары негізінен «шаруа қожалықтарында» мал өсірумен айналысып күнделікті материалдық қажеттіктерін қанағаттандыруда. Мойынты-Балқаш теміржол бойындағы экономикалық қабілетті тұрғындар барлығы бірдей теміржолдың әр саласында жұмыс атқаруда. «Қожалықтар саны -13», олар бүгінде округ жерінің 53,193 гектары пайдалануда.

Ірі қара саны-1765, ұсақ мал-2692, жылқы-610, тауық-500, түйе-55.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 2 жас маман жұмысқа орналасты. Мал дәрігері және ветеринарлық фельдшер. Бүгінгі күнге ветеринария жұмысы толығымен орындалуда. Бірдейлендіру жұмыстары жүргізіліп, компьютерлік базаға енгізілуде. Мал бағу, жазғы айларда кенттегі тұрғындардың малдары алыс жайлауда 4 жерге бағылды, бағу бағасы кент әкімшілігімен келісіліп алынған.

Мойынты кентінде үй саны 520, оның ішінде жеке шаруашылығы бар үйлер 428. Кентте бүгінде 1-орта мектеп, 1-дәрігерлік амбулатория, 1-пошта бөлімшесі, 1-кітапхана, Мәдениет үйі, 1 наубайхана, 2-тойхана, үлкенді-кішілі дүкендер мен дүңгіршектер саны -19-ды құрайды, 1-жанар-жағар май бекеті халыққа қызмет жасауда.

Жұмыссыздықты болдырмау бағыты бойынша, жұмыспен қамту орталығында 14 адам тіркелген. 6 адам бос тұрған жұмыс орындарына орналасты. 8 адам қоғамдық жұмысқа тартылған. Былтырғы жылмен салыстырғанда жұмысқа орналасқан адам саны біршама жоғарылады.

2014 жылы кенттегі атқарылған аудан әкімі берген 5 тапсырманы орындау барысында “Жерлестер” бағдарламасы бойынша ауылдың кәсіпкерлері, ауыл жерлестері демеушілігімен ауылдың 80 жылдық мерей тойы кезінен аталып өтті. Мойынты бекеті Қарағанды, Балқаш, Шу бағытындағы теміржолы торабы. Мекемелер арасында 8-кігіз үй тігілді. Қазақтың ұлттық ойындары аламан бөйге, құнан жарыс, тай жарыс, қазақ күресі ұйымдастырылды. Аламан бөйгеге көлік тігілді. Кент тұрғындары, тойға келген қонақтар концерттік бағдарламаны тамашалады.

Мойынты кенті туралы «Мерейлі мекен Мойынты» атты үлкен кітап жазылды. Кітапты жазған жазушылар Ібраһым Ісләмұлы және Жомарт Қызбалалұлы. Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясының қызметкерлері Косубаев Назыр, Б.Сейпішев, Ж.Мұсалар демеушілік көрсетті.

«80 жылға 80 игі іс» ұранымен кентімізге біршама жұмыстар жасалды. Атап айтсақ, аудандық бюджеттен Мойынты кентіне жарықтандыру бойынша 4 млн. теңге бөлініп, орталық Таныбай батыр көшесіне 19 баған жарық нүктесі орнатылды.

Абаттандыруға 5,5 млн теңге қарастырылып, орталық Таныбай батыр көшесінің бойына және теміржол вокзалы бойына бетонды шарбақ орнатылды.

Автомобиль жолдарында көлік қызметін қамтамасыз етуге 9,9 млн теңге бөлініп, орталық Таныбай батыр көшесінің жолы жөнделді.

СПК Сарыарқаның қолдауымен 6 млн-ға Мойынты орта мектебінің алаңына көп функционалды корт салынды. Қаржы толық игерілді.

Мойынты кентінде 2014 жылы 2 үлкен инвестициялық жоба жүзеге асты.

1. Мойынты кентінің тумасы Тұрабеков Саяхат өз қаражаты есебінде Мойынты кентіне сыйымдылығы 500 адамдық үлкен тойхана салды. Ашылу рәсімі салтанатты түрде ашылып, халықтың қолданысына берілді.

1. Жерлестер бағдарламасы бойынша академик Нусупов Қайыр, Қияшев Дәулет және кент тұрғындарының демеушілігімен кентке орталық мешіт салынауда. Жобаның құны 10 млн теңге. Бүгінгі күнге құрылыс жұмыстары басталып, іргесі толық қаланды. Керекті құрылыс материалдары жеткізілді.

Ауа-райының суытуына байланысты көктемге дейін құрылыс жұмыстары тоқтатылды.

Еліміздің болашақта іргелі ел болып қалыптасуына тікелей әсер ететін, мектеп оқушылары екені күмәнсіз. Кентімізде 1-орта мектеп бар. Мойынты орта мектебінің ғимараты 1937 жылы салынған, ескі ғимарат, сыйымдылығы 500 бала. Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді. Оқушылар саны 351, мұғалімдер саны - 50. Мұғалімдердің қазіргі кезде 64 пайызы жоғары білімді маман. Жоғары санатты -3 мұғалім, I санат - 15, II санат 15, санатсыз-17 мұғалім еңбек етеді.

Мектеп ішінде аз қамтылған отбасыларының балаларына арналған «Нүрөсем» шағын орталығы жұмыс жасауда. Онда 25 бала тәрбиеленуде.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысы, тиісінше мемлекеттік бағдарлама бойынша ұйымдастырылған. Білім сапасы бойынша жылдық сапа-жалпы мектеп бойынша 67,5%. Өткен жылға қарағанда 3,3% артты.

Кітапханада жаңа бағдарламаға сай кітап жетіспеушілігі байқалады.

Кент жастары мектептің спорт залында спорттың әртүрлі түрлерін шұғылданады. Облыс, аудан деңгейіндегі әртүрлі сайыстардан мектеп оқушылары, кент жастары жүлделі орындарға ие болды.

Әкімшіліктің ұйымдастыруымен «Baru Mining» компаниясы қолдау көрсетіп, 20 аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға 20 мыңнан ақшалай көмек көрсетті.

Денсаулық саласына келсек, кентте отбасылық дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді. Халыққа медициналық қызмет көрсету үшін балаларды қабылдау, әйелдерді қабылдау алдында екпе, аға-медбике бөлмелері жұмыс жасауда. Сонымен бірге күндізгі стационар бөлмесі, кезекші фельдшер бөлмесі пайдалануда. «Жедел жәрдем» тәулік бойы жұмыс істейді.

Амбулатория жылу маусымына керекті көмірмен толық қамтамасыз етілген, жедел-жәрдем автокөлігі бар. Амбулаторияға бүгінгі күні жаңа құралдар, жана жиһаздар қажет.

Өздеріңізге белгілі осы бүгінгі жиын өткізіліп отырған «Мәдениет үйі» керекті заттармен, жылу маусымына жетерлік көмірмен толықтай қамтамасыз етілген. Мәдениет үйінде тұрғындарға «кітапхана» қызмет етуде.

Спортты дамыту бойынша ауыл жастарына арналып, волейбол, қазақ күресі, конькимен сырғанау спорт ойындары түрлерінен секция уақыттары белгіленіп, мектеп спорт залында жүргізіледі. Бұл жасалған игі

істер алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Елбасымыз аса көңіл бөліп отырған саланың бірі «кіші кәсіпкерлік» кентімізде дамып келеді. Жалпы кентіміздің тыныс-тіршілігін өздеріңіз білесіздер, басқа елді-мекендермен салыстырғанда жаман емес. Кенттегі саяси ахуалды бірқалыпты деуге болады.

Учаскелік полиция инспекторы жоспар бойынша өз жұмысын атқаруда. Қазіргі кезде екі елді мекенге біреу ғана, осы мәселені шешуге жұмыс жүргізіліп жатыр.

Біріншіден денсаулығымызға тікелей әсері бар мәселе, ол кентіміздің «санитарлық тазалығы» жолындағы науқан. Мойынты кентінде абақтандыру, санитарлық тазалау іс-шараларын жүргізу барысында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Бұл жұмыстары кент тұрғындары және барлық мекемелер бір адамдай жұмылып атқарды.

Әр аптада «Таза бейсенбі», сенбілік өткізіледі. Теміржол және бюджеттік мекемелердің жанындағы қоршаулары жөнделіп, сырланды.

Кент бойынша бүгінгі күні әкеліліп, сырланған үй саны 300. Тазартылған аулалар саны 350. Шығарылған күл-қоқыс көлемі 500-600 тонна. Қоғамдық жұмысқа тартылғандар саны 8 адам. Кент бойынша тұрғындардың өз күшімен 30 жекеменшік үйлеріне су тартып, жеке септик орнатты.

Келесі айтатын мәселе ол кентіміздің жанынан ашылған «Бапы Майнинг» кен байыту фабрикасына кент тұрғындарынан 35 адам тұрақты жұмысқа қабылданды, келешекте әрі қарай жалғасын табады. «Бапы Майнинг» басшыларының демеушілігімен Мойынты кентінің кітабын жазылуына қаржылай көмек көрсетті. Мойынты кентінің 80 жылдық мерейтойына қаржылай көмек көрсетілді.

Қорытындылай келе, 2014 жылы үлкенді-кішілі атқарған жұмыстарымызда белсенді түрде көмек көрсеткен мекеме басшыларына, ауыл ақсақалдарына, жалпы барлық тұрғындарға рахмет айтамын.

Жаңа жыл мерекесінде аудан бюджетінен қаржы бөлініп, мүмкіндігі шектеулі 7 балаға планшет табыс етілді.

Жаңа 2015 жылда Елбасымыздың саясатын қолдай отырып, қарыштап өрлейміз деп, нық сеніммен айтамын.

● **Акция**

**АРДАГЕРДІҢ БАТАСЫН АЛДЫ**

Өткен аптада аудандың ішкі саясат бөлімі және жастармен жұмыс жасау бойынша орталығының ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының ардагері Ақажанов Мұқажан ақсақалдың үйіне барып, “Ардағым-Ардагерім” акциясы бойынша жұмыстар жүргізді.

Акцияға Шет агротехникалық колледжінің өндіріс шебері Шәйкенов Бауыржан және 3-ші курс студенттері Есенбай Тілеужан, Тәжібаев Арман және ауданның жастармен жұмыс жасау бойынша орталығының мамандары қатысып, аула маңайындағы қарларын тазалап, көптеген көмектерін көрсетіп, ардагердің ризашылығына бөленді.

Акцияның мақсаты, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевтың Ұлы Отан со-



ғысы ардагерлерін жалпы ұлттық қолдау шарасы жөніндегі бастамасын қол-

дап, жас жеткіншектерді патриоттық, отансүйгіштікке тәрбиелеу, майдангер аталарымызды үлгі-өнеге тұту болып табылады.

Өткізілген іс-шараға ризашылығын білдірген Мұқажан атамиз жастарға сұрапыл соғыс жайлы әңгіме айтып, атқарған жұмыстарына алғысын білдірді.

Осы атқарылған игі шаралар ауыл, кенттерде жалғасын тауып Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлерінің үйлеріне барып отын жару, үйінің ауласындағы қарларын тазалау, басқа да сұраныстарына байланысты жұмыстар жүргізілсе деген ниеттеміз.

**И.ЖАҚЫПОВ,  
жастармен жұмыс жасау орталығының маманы.**

**2015 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНДА ШЕТ АУДАНЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП БӨЛІМІНДЕ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күндері	Уақыты	Байланыс телефоны
Мұхтаров Мұхит Сайлауұлы	Бөлім басшысы	аптаның барлық жұмыс күндері	15.00-19.00-ге дейін	21-2-14 22142

“Шет ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі” ММ мына мекен- жайда орналасқан: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 10.

Шет ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде 21214 сенім телефоны орнатылған. Сенім телефонының жұмыс істеу уақыты 09.00-19.00 сағат аралығы.

Бөлімде мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс кодексін, Мемлекеттік қызмет туралы және жемқорлыққа қарсы заңнамаларын бұзғандығы туралы хабарлауыңызға болады.